

"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 6 мамырдағы № 214 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 425 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 7 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6450 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 72 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 13.03.2013 № 72 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 26-бабының 3-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 мамырдағы № 214 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6265 болып тіркелген) бұйрығына мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесінде:
мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын:

«43-1. Қолданыстағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешегі бар болғанда алып тастау толық берешек өтелгеннен (есептен шығарылғаннан), немесе осы берешектің құқықтық мирасқоры анықтаған республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламасына көшірілгеннен кейін жүргізіледі.».

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті (А.Н. Калиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Жәмішев

